

Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы

№1 ХАТТАМА

«11» қыркүйек 2025 жыл

Қатысқандар: 7 адам

Күн тәртібі

1. Қамқоршылық кеңес құрамын бекіту.
2. Кеңес төрағасын сайлау.
3. Жылдық жұмыс жоспарын бекіту.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша құрылтайшысы сөз сөйледі. Білім беру ұйымы басшысы Қамқоршылық кеңестің құрамына ұсынылған мүшелерді таныстырды. Кеңес құрамына ата-аналар, қоғам өкілдері және ұйымның серіктестері енгізілді.

1. Кеңес төрағасы - С.Алишева (құрылтайшы)
2. Кеңес орынбасары - Г.Алмағанбетова (меңгеруші)
3. Хатшы - Ж.Садуахасова (әдіскер)
4. Кеңес мүшесі - А.Токмухамбет (жеке кәсіпкер)
5. Кеңес мүшесі - Е. Қонарбаев (жеке кәсіпкер)
6. Кеңес мүшесі - Д. Идрисова (ата-ана)
7. Кеңес мүшесі - Б.Мусахожа (ата-ана)

Қаулы етілді: Ұсынылған Қамқоршылық кеңестің құрамы бірауыздан бекітілсін.

Екінші мәселе бойынша **Кеңес төрағасын сайлау**

Тыңдалды: Қамқоршылық кеңестің төрағалығына ұсынылған кандидатуралар қаралды.

Қаулы етілді: Ашық дауыс беру нәтижесі бойынша балабақша құрылтайшысы Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып сайлансын.

Үшінші мәселе бойынша жылдық жоспар қаралды.

Тыңдалды: Қамқоршылық кеңестің 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары таныстырылды.

Қаулы етілді: Ұсынылған жылдық жұмыс жоспары мақұлданып, бекітілсін. Жоспарда көзделген іс-шаралардың уақытылы орындалуы қамтамасыз етілсін.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңес құрамы бекітілсін.
2. С.Алишева Кеңес төрағасы болып сайлансын.
3. Жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.



Төраға:

Хатшы:

С.Алишева

Ж.Садуахасова

Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы

№2 ХАТТАМА

«12» желтоқсан 2025 жыл

Қатысқандар: 5 адам

Күн тәртібі

1. Балабақшаның материалдық-техникалық базасының жағдайы.
2. Ата-аналардың ұсыныстарын қарастыру.

1-сұрақ: Балабақшаның материалдық-техникалық базасының жағдайы бойынша

Тыңдалды: Балабақша құрылтайшысы мекеменің материалдық-техникалық базасының жай-күйі туралы ақпарат берді. Топ бөлмелерінің, ойын алаңдарының, жиһаздар мен оқу-тәрбие құралдарының жағдайы қарастырылды. Қажетті жөндеу және жаңарту жұмыстарын жүргізу қажеттілігі атап өтілді.

Қаулы етілді: Балабақшаның материалдық-техникалық базасын кезең-кезеңімен жақсарту бойынша жұмыстар жалғастырылсын. Қажетті жабдықтар мен құралдарды толықтыру мәселесі бақылауға алынсын.

2-сұрақ: Ата-аналардың ұсыныстарын қарастыру

Тыңдалды: Ата-аналар тарапынан балабақшадағы тәрбие-білім беру үдерісін жетілдіру, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар айтылды.

Қаулы етілді: Ата-аналардың ұсыныстары назарға алынсын. Ұсыныстарды іске асыру мүмкіндіктері қарастырылып, тиісті жұмыстар жүргізілсін. Ата-аналармен өзара ынтымақтастықты нығайту жалғастырылсын.

Шешім

1. Материалдық базаны нығайту бойынша ұсыныстар қабылдансын.
2. Ата-аналардың ұсыныстары назарға алынсын.



[Signature]

С.Алишева
Ж.Садуахасова

Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы

№3 ХАТТАМА

«17» наурыз 2026 жыл

Қатысқандар – 6 адам

Күн тәртібі

1. Балалардың қауіпсіздігі.
2. Жазғы сауықтыру жұмыстарына дайындық.

1-сұрақ: Балалардың қауіпсіздігі бойынша

Тыңдалды: Балабақша әкімшілігі балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіз орта қалыптастыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы ақпарат берді. Өрт қауіпсіздігі, санитарлық талаптарды сақтау, серуендеу және ойын кезіндегі қауіпсіздік шаралары талқыланды.

Қаулы етілді: Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар тұрақты бақылауда ұсталсын. Қауіпсіздік талаптарын сақтау және түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

2-сұрақ: Жазғы сауықтыру жұмыстарына дайындық бойынша

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі жазғы кезеңде балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған сауықтыру іс-шараларының жоспары таныстырылды. Серуендеу, спорттық ойындар, шынықтыру шаралары және таза ауадағы іс-әрекеттерді ұйымдастыру мәселелері қарастырылды.

Қаулы етілді: Жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспары бекітілсін. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау талаптарын сақтай отырып, жоспарланған іс-шаралардың сапалы өткізілуі қамтамасыз етілсін.

Шешім:

1. Қауіпсіздік шараларын күшейту ұсынылсын.
2. Жазғы сауықтыру жоспары мақұлдансын.



Төраға:

Хатшы:

С.Алишева

Ж.Садуахасова

Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы

№4 ХАТТАМА

«21» мамыр 2026 жыл
Қатысқандар -7 адам

Күн тәртібі

1. Жылдық жұмысты қорытындылау.
2. Келесі оқу жылына ұсыныстар енгізу.

1-сұрақ: Жылдық жұмысты қорытындылау бойынша балабақша құрылтайшысы;

Тыңдалды: Қамқоршылық кеңестің ағымдағы оқу жылында атқарған жұмыстарының қорытындысы тыңдалды. Жыл бойы өткізілген іс-шаралар, балабақшаның дамуына көрсетілген қолдау, ата-аналармен және қоғамдық ұйымдармен жүргізілген жұмыстар туралы ақпарат берілді.

Қаулы етілді: Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын. Атқарылған жұмыстардың нәтижелері назарға алынсын.

2-сұрақ: Келесі оқу жылына ұсыныстар енгізу бойынша кеңес мүшесі
Идрисова Диана

Тыңдалды: Келесі оқу жылында балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайту, тәрбиелеу-білім беру үдерісін жетілдіру және ата-аналармен ынтымақтастықты арттыру бойынша ұсыныстар қарастырылды.

Қаулы етілді: Ұсынылған ұсыныстар келесі оқу жылына арналған жұмыс жоспарына енгізілсін. Қамқоршылық кеңес пен балабақша арасындағы өзара ынтымақтастықты одан әрі дамыту жұмыстары жалғастырылсын.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңестің жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Келесі оқу жылына арналған ұсыныстар бекітілсін.



Төраға:

Хатшы:

С.Алишева

Ж.Садуахасова